

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 шілдедегі N 618

Тәжікстан Республикасында сел тасқынынан болған табиғи зілзаланың зардаптарын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тәжікстан Республикасына табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан 50 (елу) мың АҚШ долларына

бара-бар сомада ақша қаражаты бөлініп көмек көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілген қаражатты айырбасталымды етсін және оларды Тәжікстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының валюта шотына аударсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі